

Шадьярова Жазира Куспановнаның
6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ешкі сүт өнімдерін стандарттау үшін
теориялық негіздерді әзірлеу» атты диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің
жазбаша
ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|--|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1) Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес негізделген. |
| | | 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жж. №0118РКИ0554 «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша шараларды әзірлеу» инициативалық тақырып аясында меншікті қаражат шеңберінде орындалған. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | 2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. | Ізденуші Ш.К.Шадьярова ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайын жете зерттеп, ешкі сүтінен жаңа өнім жасаудың теориясы мен практикасын маңызды қолданбалы мәліметтер мен толықтырып, еліміздің ешкі шаруашылығының дамуына өзіндік ғылыми таңбасы бар үлесін қоса білген. |
| 3. | Өзі жазу принципі | 3. Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; | Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сақталған, ғылыми аппаратымен диссертация мазмұны сәйкестендірілген. Алынған қорытындылар мен ұсыныстары теориялық методологиялық негізге сүйене отырып, сенімді және нақты жазылған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; | Бүгінгі нарықтық-бәсекелестік жағдайында ауылшаруашылығын өркендету жолы - бар қаржыны тиімді пайдаланып, жоғары технологиялық, сапалы әрі |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>экологиялық таза өнімдер алуға жұмсалуды керек. Осы жағдайда ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеудің кіші және орта кәсіпорындар жүйесін дамытуға келесі шешімдерді қабылдау керек. Ол үшін ауылшаруашылық өнімдерін неғұрлым тереңдете өңдеуге, өнімдерді дайындауға, бірден пайдалануға жағдай жасау. Жүйені енгізу дайын өнімнің көбірек шығуына және ауылшаруашылығы шикізаттарының бір өлшеміне өнімнің шығу мүмкіндігінің көп болуы мен айналым қаржысын тез толтыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда ешкі шаруашылығы дамып кележатқанын ескеретін болсақ, онда өнімге стандарт әзірлеу және ешкі сүтінен бәсекеге қабілетті тауар ассортиментін кеңейтуді зерттеуге арналған диссертацияның «Ешкі сүт өнімдерін стандарттаудың теориялық негіздерін жасақтау» тақырыбында жазылуы, оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны жасалған жұмысқа сай жасақталған, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері толық ашылған.</p> |
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкескеледі: 1) сәйкескеледі;</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Бәсекеге қабілетті ешкі сүтінен жасалған өнім түрлерін кеңейту, жасалған өнімге арналған ұйым стандартын жасау. Диссертациялық жұмыстың міндеттері: 1.Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайын талдау. 2.Қазақстандағы ешкі шаруашылығының дамуын талдау.</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|---|--|
| | | | <p>3.Ешкі сүтінен жаңа өнім технологиясын жасау.</p> <p>4.Ешкі сүтінен жасалған құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу.</p> <p>5.Ешкі сүтінен алынған жаңа өнімге ұйым стандартын әзірлеу.</p> <p>6.Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділікті анықтау.</p> <p>Диссертация жұмыстың тақырыбына сай мақсаты мен міндеттері толықтай орындалған және тақырыпқа сай.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> | <p>Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлімдерде берілген ойтұжырымдармен, жұмыс қорытындысымен және автордың өндіріске енгізген жаңалығымен сипатталады.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> | <p>Докторантпен зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайы анықталған; Сүт қышқылды өнімдер нарығы талданған; Осы негізде ешкі сүтінен алынған жаңа өнімге стандарт әзірленген. Сонымен қатар, жаңа сүт қышқылды өнім өндірудің технологиясының өндіріске енгізілуі зерттеу жұмысының практикалық құндылығын сипаттайды.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> | <p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады:</p> <p>1.Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайы талданған.</p> <p>2.Қазақстандағы ешкі</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|--|--|
| | | | <p>шаруашылығының дамуы зерттелген.</p> <p>3. Ешкі сүтінен жасалған жаңа өнім технологиясы жасақталған.</p> <p>4. Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық ғылыми негізделген мәліметтері бар.</p> <p>5. «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурт» ұйым стандарты жасақталған және бекітілген.</p> <p>6.«Агроөнеркәсіптік кешен Agribusiness» 107 ТК-нен техникалық сараптамасынан өткен.</p> <p>7.Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділігі көрсетілген.</p> <p>8.Өндіріске ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісі бар.</p> <p>9. «Құрма қосылған ешкі сүтінен жасалған йогурт тәсілі» пайдалы модельге патент алынған.</p> |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; | Зерттеу барысында жаңа өнімді енгізуден экономикалық тиімділік анықтаған. Ізденушінің қол жеткізілген динамикасы мен нәтижелері зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын айқындайды. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген | Техникалық реттеу саласындағы тәжірибелі мамандардың жетіспеушілік мәселесі бар, техникалық регламенттерді бейімдеу және енгізу тиісті деңгейде жүргізіліп отырған жоқ, мемлекеттік стандарттау жоспарларын қалыптастыру кезінде әзірлеуге ұсынылатын нормативтік құжаттардың (жалпы техникалық талаптар, сынақ әдістемелері) жинағының жоқтығы, техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде олардың нәтижелерін пайдалану |

| | | | |
|----|--|--|---|
| | | | <p>үшін ғылыми негізделген статистикалық мәліметтер мен сынақтардың жоқтығы көрсетілген. Ұлттық стандарттарды әзірлеу ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес және бастамашылық тәртіппен жүзеге асырылған.</p> <p>Бұл, айтылғанның барлығы, біріншіден, диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, екіншіден, зерттеудің нәтижелерінің жаңа екендігін дәлелдейді.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелдендіме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденгенбе?</p> <p>1) ия;</p> | <p>Қорғауға шығарылатын нәтижелер:</p> <p>1.Ешкі сүті өнімдерінің нормативтік-құқықтық базасының қазіргі жағдайы.</p> <p>2.Қазақстандағы ешкі шаруашылығының дамуы.</p> <p>3. Ешкі сүтінен жасалған жаңа өнім технологиясы.</p> <p>4. Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурттың микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық ғылыми негізделген мәліметтері.</p> <p>5. «Ешкі сүтінен құрма қосылған йогурт» ұйым стандарты.</p> <p>6.«Агроөнеркәсіптік кешен Agribusiness» 107 ТК-нен техникалық сараптамасы.</p> <p>7.Жаңа өнімді өндіріске енгізуден экономикалық тиімділігі.</p> <p>8.Өндіріске ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу әктісі.</p> <p>9. «Құрма қосылған ешкі сүтінен жасалған йогурт тәсілі» пайдалы модельге патент.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері 7 ғылыми еңбекте, оның ішінде 1 - SCOPUS деректер базасына кіретін журналда, 36 процентиленмен (Digital Standardization as a tool for effective development of dairy</p> |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | | products // International Journal of Advanced Trends in Computer Science and Engineering. – 2020. – Vol. 9(5). – P. 7517-7525), 3 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында, 3 - Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; | Зерттеу әдістемесін таңдау негізделген, сонымен қатар диссертациялық жұмыстың практикалық бөлімінде толықтай сипатталған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 2) жоқ | Зерттеу барысында құрма қосылған йогурт өнімінің сапасын кешенді бағалау кезінде «Құрма қосылған ешкі сүтінен жасалған йогурт» ЖШС ұйым стандарты жасақталу барысында, түрлі көрсеткіштерді, тағамдық құндылықтар мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеудің жалпы стандарттары пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларын қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмады, бірақ бұндай өңдеудің жоқтығы жұмыстың құндылығын төмендетпейді, себебі қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) ия; | Докторанттың үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан, ешкі сүтін пайдалану мүмкіндігін негіздеуде, жаңа йогурт жасауда және олардың тағамдық және биологиялық құндылығын анықтаудан тұрады. Ізденуші ғылыми нәтижелерді |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|---|
| | | | қорытындылаған және ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімдеген, жасалған өнімдерге өндірістік сынақ жүргізген, нормативтік құжаттама жасақталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған | Маңызды мәлімдемелер төменде көрсетілген нақты және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті | Диссертациялық жұмыс жазу барысында 122 отандық және шет елдердің әдебиеттеріне әдеби шолуға жасалған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; | Әлемдегі озық технологияларға негізделген ешкі шаруашылығы өнімін өндірудің елдің азық-түлік қорын толықтырып, экономикасын нығайтып тигізетін әсері практикалық тұрғыдан маңызды болса, ешкі сүт өнімдерін стандарттаудың теориялық негіздерін жасақтаудың маңызы да жоғары болып табылады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; | Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы: Ешкі сүтінен жасалған жаңа құрма қосылған йогурт өнімі микро және макро элементтер мен витаминдерге бай. Сонымен қатар, емдік-профилактикалық әсері мол және йогурттық өнімдердің ассортиментін толықтырады. Ешкі йогурті жүкті және бала емізетін әйелдерге, балаларға, спортшыларға, сондай-ақ қарт адамдарға өте пайдалы. Ешкі йогурті остеопорозға және асқазан-ішек жолдарының қабыну ауруларын емдеуге, көру қабілеті төмендегенде, анемияда тұтынуға болады. Қантсыз ешкі йогурті жас балаларды жасанды тамақтандыруға өте қолайлы, әсіресе диатез болса. Осы жаңа өнім мен оған |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | | жасалған стандарт Қазақстан Республикасы бойынша ешкі сүті және ешкі сүті өнімдерін өндіретін басқа да кәсіпорындарға қолдануына мүмкіндік береді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; | Докторант тарпынан 3 практикалық ұсыныс берілген, олар жаңа болып табылады: 1. Қазақстан Республикасының нормативтік-техникалық құжаттар қорындағы стандарттарды ашық пайдалануға мүмкіндік беру. 2. Өндіріске жаңа сүт өнімдерінің түрлерін енгізе отырып өнім көлемінің ассортиментін кеңейту. 3. Шағындарды барынша азайта отырып өнімнің өзіндік құнын төмендету. |
| 10. | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; | Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Ізденушінің еңбегіне ұқсас жазылған басқа авторлардың еңбектерін сілтемесіз пайдалану жоқ. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық сақталған. |

Ресми рецензенттің шешімі—докторант Шадьярова Жазира Куспановна философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне өтініш беру.

Ресми рецензент:

техника ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор м.а.,

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ,

«Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері»

кафедрасының меңгерушісі

Ж.Ж.Смаилова

Ж.Ж.Смаилова

